



2014 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған 1928 жылғы 22 қарашадағы Халықаралық көрмелер туралы конвенцияның 13-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Ботаника және фитоинтродукция институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры Гүлнар Тоқбергенқызы Ситпаева «ЭКСПО-2016 Анталья» дүниежүзілік көрмесіндегі секцияның Бас комиссары болып тағайындалсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі К.Мәсімов